

«ЖАҢА  
РЕФОРМАЛАР –  
ЖАҢА  
ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ  
БАСТАУЫ»



– Сот жүйесін жаңғырту, сотқа деген сенімді нығайту мақсатында көптеген реформалардың жүзеге асырылғаны белгілі. Дербес кассациялық соттар – сол ілкімді жобалардың бірі. Бұл бастаманың қолға алынуына не себеп болды?

– Кез келген реформаның түпкі мақсаты – құқықтық, зайырлы мемлекет орнатып, халыққа жайлы да қауіпсіз орта қалыптастыруға, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталған. Жүйелі реформа бір күнде жасалмайды. Жаңа реформалар – сөзсіз жаңа өзгерістердің бастауы, мұны жаңа кезеңге қарай жасалған батыл қадам десек қателеспейміз. Жалпы алғанда, бүгінгі күні қолға алынған реформалардың формуласы қарапайым. Ол: «Күшті Президент, ықпалды Парламент, еститін Үкімет» ұстанымына негізделген. Дербес кассациялық соттардың қолданысқа енуі дәл осы формуланың өлшемі, үлгісі іспеттес. Өйткені, кассациялық сатыға қатысты қоғамда жиі өкпе-реніштің айтылып келгені ешкімге жасырын емес. Ел тілегін естудің, халық үніне құлақ асудың нәтижесінде көпшіліктің базаны Мемлекет басшысының назарына жетті. Республиканың түкпір-түкпірінен түсетін істерді түгелдей қарап таразылауға кассациялық алқаның мүмкіндігі жоқ екенін білген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кассациялық алқада қаралатын істер аз, ол азаматтардың қажеттілігіне сәйкес келмейді.

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҮЛ ТЕК СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕ ЕМЕС,  
ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ,  
ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫҢ ҮЛГІСІ



Қазақстан Республикасы Судьялар одағының XI спартакиадасының іріктеу ойындары жоғарғы деңгейде өтті.

(Жалғасы 2, 3-беттерде)

ТАЛҚЫ

«ШИКІ» ЗАҢ ТУРА ТӨРЕЛІККЕ  
ДЕГЕН КҮМӘНДІ КӨБЕЙТЕДІ

Еліміздің қылмыстық заңнамаларында біртұтастық жоқ. Олардың арасында қайшылықтар бар. Осының салдарынан құжаттардың қорғау әлеуеті төмендеген. Бұл жөнінде жуырма елордада «ҚР Қылмыстық кодексіне, Қылмыстық-процестік кодексіне, Қылмыстық-атқару кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне 10 жыл: нәтижелері, қолдану тәжірибесі және келешегі» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда айтылды.

Аталмыш заңнамалар соңғы 10 жыл ішінде көптеген өзгеріске ұшырапты. Мәселен, Қылмыстық кодексі 98 рет, Қылмыстық-процестік кодексі – 101, Қылмыстық атқару жүйесі туралы кодекс – 48, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс 191 рет түзетілген. Осы шаралар барысында конституциялық және салалық құқықтық қағидаттар, сондай-ақ ғылыми және

криминологиялық негіздеме ескерілмепті. Конференцияға – ҚР Парламентінің депутаттары, ҚР Конституциялық Соты мен Жоғарғы Соттың өкілдері, уәкілетті мемлекеттік органдар, адвокаттар қауымдастығы, шетелдік және қазақстандық оқу орындарының жетекші ғалымдары, сондай-ақ құқық саласындағы жас мамандар қатысты. Сонымен

қатар Ресейдің заңгер ғалымдары да келіп, өз елдеріндегі қылмыстық және әкімшілік заңнаманы реформалау тәжірибесімен бөлісті және екі елдің құқықтық жүйесінің дамуының ұқсас және әртүрлі векторларына қатысты ойларын ортаға салды.

Осылайша алқалы жиын еліміздің қылмыстық және әкімшілік заңнамасы саласындағы негізгі мәселелер мен жетістіктерді талқылайтын ауқымды алаңға айналды. Мұнда негізінен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына ең қатал шектеулер қолданылатын саласы ретінде қылмыстық әділет жүйесіне Конституциялық ықпалдың мәні туралы маңызды сұхбат болды.

Бұлай болуы заңды да еді. Өйткені, Конституцияда адам, оның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде

айқындалған. Алайда бұл құқықтар мен бостандықтарға заңмен белгіленген шектеулер қойылуы мүмкін және бұл шектеулер тек басқа конституциялық игіліктерді қорғау мақсатында ғана қолданылады. Жиында сөз алған ҚР Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Әзімова осы тұрғыда өз тұжырымдарын ортаға салып, жиын тақырыбының мәні мен маңызын ашып берді. Әзімова ханым аталмыш шектеулердің Қылмыстық әділет саласында дәл және қатал сақталуының ерекше маңыздылығын атап көрсетті. Өйткені бұл сала биліктің заң аясында әрекет етуге және қоғам мүддесі мен жеке құқықтардың арасындағы тепе-теңдікті сақтауға қаншалықты қабілетті екенін көрсететін «лакмус қағазы» десе болады.

Эльвира Әбілқасымқызының айтуынша, 2023 жылы Конституциялық Сот қайта құрылғаннан бері 500-ге жуық шешім шығарыпты, оның 71-і нормативтік қаулы. Бұл шешімдердің шамамен 40 пайызы қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңнамаларына қатысты.

(Жалғасы 4-бетте)

6-бет

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар баптаған білім ордасы

7-бет

Маусымдық жұмыстар басталды

8-бет

Шетелдік тағылымдама шеберлікті шыңдайды

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# БҰЛ ТЕК СПОРТТЫҚ БӘСЕКЕ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ, ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫҢ ҮЛГІСІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

2025 жылғы 22-24 мамыр аралығында ҚР Судьялар одағының XI спартакиадасы жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып, еліміздің жиырма өңірі мен оларға теңестірілген соттар судьяларының қатысуымен өтті. Бұл дәстүрлі спорттық іс-шара – судьялар ынтымақтастығы мен достығының, бірлігі, өзара сыйластығының көрінісі болды.

Спартакиаданың өңірлік іріктеу кезеңдері еліміздің төрт аймағында – Тараз, Көкшетау, Семей және Ақтөбе қалаларында өтті. Әр өңірде ұйымдастырылған жарыстарға бірнеше командалар қатысып, 9 спорт түрінен өзара сайысқа түсті. Жарыс тек спорттық шеберлікпен ғана емес, әділдік, достық пен командалық рухтың айқын үлгісімен есте қалды.

Спартакиаданың салтанатты ашылу және өту кезеңдеріне еліміздің сот жүйесінің ардагерлері, облыстық соттардың төрағалары мен облыс әкімдері қатысты. Сонымен қатар, жарыстың сәтті өтуіне барлық облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, әділ төрелік танытқан төрешілер құрамы, Жамбыл, Ақтөбе, Абай және Ақмола облыстарының Судьялар одағы филиалдары белсене араласып, үлкен ерік-жігер танытты. ҚР Судьялар одағының Орталық кеңесі аталмыш ұжымдар



мен жекелеген төрағаларға алғыс білдіріп: «Сіздердің бірлескен еңбектеріңіз – сот жүйесіндегі азаматтық жауапкершілік пен патриоттық рухтың үлгісі. Бірлік пен ынтымақты паш еткен бұл спартакиада – кәсіби ортадағы мәдениеттіліктің, әділдік пен сыйластықтың айқын белгісі болды. Осындай шаралар арқылы біз тек спорттық белсенділік танытып қана қоймай, кәсіби әлеуетімізді де арттыра түсеміз.

Бұл – еліміздің сот жүйесі үшін зор маңызы бар қадам» – деген жүрекжарды лебізін білдірді. Спартакиада – еліміздің сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы абыроймен қызмет еткен отставкадағы судьялардың сергектігі мен қоғамдағы белсенді орнын айқындаған тағылымды шара болды. Бұл жарыс ұрпақтар сабақтастығын нығайтты, жастарға үлгі боларлық маңызды кездесуге айналды.

Оңтүстік және Шығыс өңірлерінің ашылу салтанатына сот саласының беделді қайраткерлері, Судьялар одағының экс-төрағалары – Серік Байбатаров пен Ауезнұр Қаженов арнайы шақырылып, ашылу рәсіміне құрметті қонақ ретінде қатысты. Олардың қатысуы іс-шараның мәртебесін көтеріп, қатысушыларға зор рухани серпін берді.

Спартакиада барысында отставкадағы судьялар өздерінің өмірге деген құлшынысын, спортқа деген

Осындай ардақты азаматтарымыз тұрғанда – еліміздің болашағы жарқын, ал сот жүйесінің абыройы биік болмақ.

Өңірлік сыннан сүрінбей өткен, үздік өнер көрсетіп, жұлделі бірінші орынды жеңіп алған мықтылар енді биыл күзде өтетін республикалық шешуші спартакиадада кездеседі.

**ҚР Судьялар одағының орталық кеңесі**

## ЛҒЫЗ

**Досжан ӘМІР,**  
*ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының төрағасы:*

### Құрметті әріптестер!

Баршаңызды 22-24 мамыр аралығындағы Судьялар одағының жиырма екінші жыл өтіп жатқан XI спартакиадасының сәтті өтуімен шын жүректен құттықтаймын!

Судьялар спартакиадасы – бұл тек спорттық бәсеке ғана емес, сонымен қатар еліміздің сот жүйесінде қызмет ететін азаматтардың достығын, кәсіби ынтымақтастығын және бірлігін көрсететін маңызды іс-шара. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесін насихаттау, белсенді өмір сүру мәдениетін дамыту – бұл спартакиаданың басты мақсаттарының бірі. Сонымен қатар, бұл шара әріптестер арасындағы рухани байланысты нығайтып, сот жүйесінің адамгершілік және қоғамдық біртұтастығын айқындайды.

Осы жолғы спартакиада өзінің ауқымдылығы-

мен, жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен және қатысушылардың белсенділігімен ерекшеленді. Бұл – бір жағынан кәсіби қауымдастықтың сергектігі мен ұйымдасқандығының белгісі болса, екінші жағынан – еліміздің сот жүйесінің ішкі бірлігі мен берік ынтымақтастығының айғағы.

Аталған іс-шараның ұйымдастырылуына айрықша үлес қосқан Жамбыл, Ақтөбе, Абай және Ақмола облыстарының Судьялар одағы филиалдарының төрағалары мен облыстық сот төрағаларына ерекше ризашылығымды білдіремін. Олар ұйымдастырушылық қабілеттерін, бастамашылдығын және салауатты өмір салтына деген шынайы қызығушылығын көрсетіп, спартакиаданың жоғары деңгейде өтуіне айтарлықтай ықпал етті.

Сонымен қатар, жарыстың табысты өтуіне бірлікпен жұмыла атсалысып, бастамашы әрі ізгі іске ұйытқы бола білген барлық облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына, әділ төрелік танытқан төрешілер құрамына, әр команданың белсенді қатысушыларына және техникалық-ұйымда-

стырушылық топқа ерекше алғысымды айтамын. Сіздердің бірлескен еңбектеріңіз – сот жүйесіндегі азаматтық жауапкершілік пен патриоттық рухтың үлгісі.

Бірлік пен ынтымақты паш еткен бұл спартакиада – кәсіби ортадағы мәдениеттің, әділдік пен сыйластықтың айқын белгісі болды. Осындай шаралар арқылы біз тек спорттық белсенділік танытып қана қоймай, кәсіби әлеуетімізді де арттыра түсеміз. Бұл – еліміздің сот жүйесі үшін зор маңызы бар қадам.

Ал енді іріктеу ойынында жеңіске жеткен командаларды құттықтай отырып, сіздерге мықты денсаулық, қажымас қайрат, қызметтеріңізде толағай табыстар тілеймін. Отбасыларыңызға амандық, бала-шағаларыңызға шаттық, алдарыңыздан тек жарқын жолдар ашылсын! Сондай-ақ, алдағы күз айында Шымкент қаласында жеңімпаз командалар арасында финалдық ойындар өткізу жоспарланып отыр. Баршаңызды осы финалдық ойынға атсалысуға шақырамыз. Келесі финалдық спартакиадада қайта жүздескенше, құрметті әріптестер!

## ЖАҚСЫ ҮРДІСТІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ



### АБАЙ ОБЛЫСЫ

Абай облысында өткен Судьялар Одағының шығыс өңірі бойынша XI спартакиадасына Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ұлытау және Абай облыстарының соттарынан құрылған командалар қатысты.

Спартакиаданың ашылу салтанатына Судьялар одағының Орталық кеңесінің мүшесі Әуезнұр Қаженов, Абай облысының әкімі Берік Уәли, Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чақпантаев, сондай-ақ Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Ұлытау облыстарының сот төрағалары қатысты.

Судьялар одағының Орталық кеңесінің мүшесі Әуезнұр Қаженов мұндай іс-шаралар аймақтық соттар арасындағы командалық өзара әрекеттестікті нығайтып, сот жүйесі қызметкерлерінің жоғары мотивациясын сақтауға ықпал ететінін атап өтті. Қатысушыларды құттықтай келе, Абай облысының әкімі Берік Уәли осындай бастамалардың сот жүйесінде кәсіби және командалық рухты нығайтудағы маңыздылығын атап өтті. «Сот жүйесі – мемлекет тұрақтылығының тірегі, ал сіздердің еңбектеріңіз – халық сенімінің негізі. Баршаңызға

жарқын жеңістер, шынайы эмоциялар және жоғары жетістіктер тілеймін!» – деді әкім.

Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чақпантаев судьялар қауымдастығы атынан құттықтау сөз сөйлеп, барлық қатысушылар мен қонақтарды қарсы алып, оларға сәттілік тіледі.

– «Спартакиада – бұл жай ғана жарыс емес. Бұл – судьялар мен сот қызметкерлері кәсібінің құндылықтарына деген құрметтің, салауатты өмір салтын ұстанудың және ұйымшылдықтың жарқын үлгісі», – деді облыстық сот төрағасы. Қызу тартыс жағдайында соттардың құрама командалары 9 спорт түрі бойынша іріктеу жарыстарына қатысты.

Волейбол бойынша I орынды Абай облысы, II орынды Шығыс Қазақстан, III орынды Павлодар облыстық сотының командасы иеленді.

Шағынфутбол бойынша I орынды Абай облысы, II орынды Қарағанды облысы, III орынды Павлодар облысының соттар командасы жеңіп алды. Арқан тарту бойынша I орынды Шығыс Қазақстан облысының соттар командасы, II орынды Абай облысы, III орынды Павлодар облысының соттары иеленді.

Бильярд жарысында I орынды Қарағанды облысының соттары, II орынды Павлодар облысы, III орынды Шығыс Қазақстан облысының командасы алды.

Үстел теннисі бойынша ерлер арасында I орынды Шығыс Қазақстан облысы, II орынды Абай облысы, III орынды Павлодар облысы иеленді. Әйелдер арасында I орын – Қарағанды облысы, II орын – Павлодар облысы, III орын – Шығыс Қазақстан облысы.

Үлкен теннисі бойынша I орынды Шығыс Қазақстан облысы, II орынды Павлодар облысы, III орынды Қарағанды облысының соттар командасы алды.

Шахмат жарысында ерлер арасында I орынды Шығыс Қазақстан, II орынды Ұлытау, III орынды Қарағанды облысының судьялары иеленді. Әйелдер арасында I орын – Абай облысы, II орын – Павлодар облысы, III орын – Қарағанды облысы соттарына бұйырды. Дойбы жарысында ерлер арасында I орынды Қарағанды, II орынды Абай, III орынды Павлодар облысы иеленді. Әйелдер арасында I орын – Қарағанды, II орын – Ұлытау, III орын – Абай облысының командалары алды.

Тоғызқұмалақ жарысында ерлер арасында I орынды Ұлытау облысы, II орынды Абай облысы, III орынды Қарағанды облысы жеңіп алды. Әйелдер арасында I орын – Абай облысы, II орын – Қарағанды облысы, III орын – Павлодар облысының судьяларына берілді.

Жекелеген номина-

циялар бойынша үздік спортшылар анықталды. Волейбол бойынша: «үздік ойыншы» – Әсел Қиянбекова, «үздік доп беру» – Абдығали Тлеубергенов, «үздік қорғаушы» – Марат Мусабаев. Шағынфутбол бойынша: «үздік қақпашы» – Амангелді Муслимов, «үздік қорғаушы» – Дидар Байниязов, «үздік шабуылшы» – Сержан Еркемов. Үстел теннисі бойынша: ерлер арасында – Бақытбек Шайзадаев, әйелдер арасында – Зауре Монбаева. Үлкен теннис бойынша: ерлер арасында «ең техникалық ойыншы» – Марат Молдагелдин. Шахмат бойынша: «үздік партия» – Еркінбек Садықов, әйелдер арасында – Нина Годлевская. Дойбыдан: «үздік партия» – Рақымқұл Турабаев. Тоғызқұмалақ бойынша: әйелдер арасында «үздік ойыншы» – Раушангүл Байжуманова.

Іс-шара соңында Абай облыстық сотының төрағасы Қайрат Чақпантаев барлық қатысушылар мен қонақтарға алғыс айтып, судьялар спартакиадасының сот жүйесінде спорт пен дене шынықтыруды дамытудағы маңызын атап өтті.

**Абай облыстық сотының баспасөз қызметі**



## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Тараз қаласындағы Судьялар одағының XI спартакиадасының салтанатты ашылу рәсіміне келген командалардың облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, облыстың мемлекеттік және құқық қорғау органдарының бірінші басшылары қатысты. «Ж.Үш-кемпіров атындағы Тараз-Арена» спорт кешенінде командалық және жеке біріншілікке таласуға Оңтүстік аймақтардың – Алматы, Шымкент қалаларының, Алматы, Түркістан, Жамбыл және Жетісу облыстарының судьялары жиналды.

Жамбыл облыстық сотының төрағасы Ербол Ахметжанов, Жамбыл облысы әкімі аппаратының басшысы Лесбек Лебаев және сот жүйесінің ардагері Серік Байбатыров іс-шараны аша отырып, спартакиадаға қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тілеп, судьялар корпусының арасында спорт пен салауатты өмір



салтына деген оң көзқарас қалыпта-  
сып жатқанын атап өтті.

Спартакиада судьялар үшін өз  
қабілеттерін көрсетумен ғана шек-

телмей, сонымен қатар басқа ай-  
мақтардағы әріптестерімен тәжіри-

бе алмасуға мүмкіндік беретін  
маңызды іс-шараның бірі болды.  
Жарыс барысында қатысушылар  
жоғары дайындық деңгейін, спорт-  
тық рухты және жеңіске деген  
ұмтылысты көрсетті.

## Жарыс қорытындысы бойынша:

Жалпы командалық есепте 1  
орынды – Алматы қаласының ко-  
мандасы;

2 орынды – Жетісу облысының  
командасы;

3 орынды – Түркістан облысының  
командасы иеленді.

Жүлделі орындарға ие болған  
спорт командалары мен жеке бірін-  
шілік ойындары бойынша, сон-  
дай-ақ ойындарда ерекшеленген  
қатысушылар грамоталармен, ку-  
бокдармен және медальдармен ма-  
рапатталды.

## Жамбыл облыстық сотының баспасөз қызметі



## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе қаласындағы «Жекпе-жек» спорт кешенінде судья-  
лар арасындағы дәстүрлі өңірлік XI спартакиадасы өтті.

Ауқымды спорттық іс-шараға батыс өңірінен – Атырау,  
Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе об-  
лыстық соттарының командалары қатысып, 200-ге жуық су-  
дыя-спортшылар бас қосты.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсіміне Ақтөбе облы-  
сының әкімі Асхат Шахаров, Ақтөбе облыстық сотының төраға-  
сы Айдар Смағұлов, сондай-ақ өңірдің мемлекеттік және құқық  
қорғау органдарының бірінші басшылары қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Асхат Шаха-  
ров пен Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов  
бұл спартакиаданың басты мақсаты – судьялар арасындағы  
салауатты өмір салтын насихаттап, серіктестік пен достық  
байланыстарды нығайту екенін атап өтті.

Ашылу рәсімінен кейін қатысушылар мен қонақтарға ар-  
найы концерттік бағдарлама ұсынылды. Жарыстар қызықты да  
тартысты өтті. Екі күндік жарыстың нәтижесі бойынша жалпы  
командалық сынақтардың жеңімпаздары анықталды.

## ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

### Шағын футбол бойынша:

- 3 орын – Ақтөбе облысының командасы
- 2 орын – Батыс Қазақстан облысының командасы
- 1 орын – Атырау облысының командасы
- Үздік қақпашы – Хабаров Жанат (Атырау облысы)
- Үздік қорғаушы – Иманғалиев Асылбек (Батыс Қазақстан облысы)
- Үздік шабуылшы – Ахметов Әлібек (Ақтөбе облысы)

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетау қаласында өткен  
Судьялар одағының XI спартаки-  
адасының ашылу салтанатында  
Ақмола облысының әкімі Марат Ах-  
метжанов, ҚР Жоғарғы Сотының  
алқа төрағасы Нұрсерік Шәріпов, ҚР  
Судьялар одағының төрағасы Дос-  
жан Әмір, Ақмола облыстық соты-  
ның төрағасы Арман Жүкенов құт-  
тықтау сөздерімен қатысушыларды  
қарсы алды.

Алты команда жарысқа түсті.  
Олар: ҚР Жоғарғы Соты, Әскери  
соты, Астана қаласының, Ақмола,  
Қостанай, Солтүстік Қазақстан об-  
лыстарының соттары.

Спартакиаданың жабылу салта-  
натында келесі жүлдегерлер мара-  
патталды.

Шағынфутболдан 1 орын – Аста-  
на қаласы соттары, 2 орын – Қоста-  
най облысы соттары, 3 орын – Ақмо-  
ла облысының соттары.

«Үздік қақпашы» Естай Сұлтан  
(Қостанай). «Үздік қорғаушы» Ер-  
лан Жанәділов (Ақмола). «Үздік  
шабуылшы» Сейфолла Тасымбе-  
тов (Астана). «Ең әдемі гол» Или-  
яс Кәкім (Ақмола). «Жеңіске деген  
жігері үшін» Зафарбек Куниязов  
(СҚО).

Волейболдан 1 орын – Астана  
қаласы, 2 орын – СҚО, 3 орын –  
Қостанай облысы.«Үздік ойыншы»  
Серікжан Ғабдулин (СҚО), «Үздік  
доп беруші» Хасан Рахматулин  
(Әскери сот), «Үздік қорғаушы»  
Ерлан Тасыров (Астана), «Ең әдемі



блок» Әскербек Жакулин (Ақмо-  
ла).

Арқан тартудан 1 орын – СҚО,  
3 орын – Ақмола облысы, 2 орын  
– Астана қаласы. «Үздік ойыншы»  
Жарқынбек Есназаров (Ақмола),  
«Төзімділігі үшін» Еркін Шәріпбеков  
(Әскери сот), «Көрермен көзайы-  
мы» Ибрагим Дезиев (Қостанай).

Шахматтан ерлер арасында 1  
орын – Дихан Алиасқаров (Әскери  
сот), 2 орын – Расул Қарағаев (Аста-  
на), 3 орын – Ұлан Әбдірахманов  
(СҚО). «Үздік партия» Арыстанбек  
Стыбаев (Жоғарғы Сот).

Шахматтан әйелдер арасында 1  
орын – Айжан Күлбаева (Астана),  
2 орын – Нағима Насырова (Қоста-  
най), 3 орын – Зарина Рахметова  
(Әскери сот).

## Волейбол ойыны бойынша:

- 3 орын – Ақтөбе облысының командасы
- 2 орын – Қызылорда облысының командасы
- 1 орын – Маңғыстау облысының командасы
- Үздік ойыншы – Ақбұлатов Асхат (Маңғыстау облысы)
- Үздік қорғаушы – Тұңғышбаев Исағали (Қызылорда облысы)
- Үздік байланыстырушы – Балмұханов Айсұлтан (Ақтөбе облысы)

## Арқан тарту бойынша:

- 3 орын – Атырау облысының командасы
- 2 орын – Ақтөбе облысының командасы
- 1 орын – Маңғыстау облысының командасы
- Үздік ойыншы – Примашев Нұрсапа (Маңғыстау облысы)

## Бильярд ойыны бойынша:

- 3 орын – Смағұлов Айдар (Ақтөбе облысы)
- 2 орын – Пәрменов Мұхтар (Атырау облысы)
- 1 орын – Бекжанов Жанат (Қызылорда облысы)
- Үздік партия – Смағұлов Айдар (Ақтөбе облысы)
- Темірбаев Тұрар (Қызылорда облысы)

## Үлкен теннис бойынша:

- 3 орын – Нағашыбаев Мейрамбек (Атырау облысы)
- 2 орын – Сматов Исатай (Маңғыстау облысы)
- 1 орын – Ормаханов Нұрлыбек (Ақтөбе облысы)
- Ең техникалық ойыншы – Утешев Қайрат (Батыс Қазақстан облысы)

## Үстел теннисі бойынша (ерлер арасынан):

- 3 орын – Утеев Берік (Маңғыстау облысы)
- 2 орын – Түлеев Ербол (Ақтөбе облысы)
- 1 орын – Еламанов Нұрлан (Қызылорда облысы)
- Ең техникалық ойыншы – Маликов Марат (Батыс Қазақстан облысы)

## Үстел теннисі бойынша (әйелдер арасынан):

- 3 орын – Тиштикбаева Гульнара (Қызылорда облысы)
- 2 орын – Ерсенова Хатима (Батыс Қазақстан облысы)
- 1 орын – Бисенова Ләззат (Ақтөбе облысы)
- Ең техникалық ойыншы – Абуғалиева Самал (Атырау облысы)

## Шахмат ойыны бойынша (ерлер арасынан):

- 3 орын – Жақсылық Жасұлан (Атырау облысы)
- 2 орын – Мұқанов Аслан (Ақтөбе облысы)
- 1 орын – Қырықбаев Физатолла (Батыс Қазақстан облысы)
- Үздік партия – Бозшагулов Қаржау (Маңғыстау облысы)

## Шахмат ойыны бойынша (әйелдер арасынан):

- 3 орын – Мырзатаева Гүлжан (Қызылорда облысы)
- 2 орын – Байназарова Замира (Атырау облысы)
- 1 орын – Жангирова Бахитгүл (Батыс Қазақстан облысы)
- Үздік партия – Шоқанова Бекзат (Маңғыстау облысы)
- Шарипова Мария (Ақтөбе облысы)

## Дойбы ойыны бойынша (әйелдер арасынан):

- 3 орын – Жангирова Бахитгүл (Батыс Қазақстан облысы)

2 орын – Абылайқызы Зәбира (Қызылорда облысы)

1 орын – Досмағамбетова Айтжан (Атырау облысы)

Үздік партия – Избасарова Гулмира (Ақтөбе облысы)

## Дойбы ойыны бойынша (ерлер арасынан):

- 3 орын – Бекетаев Нұржан (Қызылорда облысы)
- 2 орын – Дәуренбеков Айбек (Ақтөбе облысы)
- 1 орын – Басырбаев Берік (Батыс Қазақстан облысы)
- Үздік партия – Құспанов Әділ (Атырау облысы)

## Тоғызқұмалақ ойыны бойынша (әйелдер арасынан):

- 3 орын – Мүтиева Гүлжиян (Атырау облысы)
- 2 орын – Махамбетова Сұлушаш (Ақтөбе облысы)
- 1 орын – Ақтулиева Айгүл (Маңғыстау облысы)
- Үздік партия – Махамбетова Сұлушаш (Ақтөбе облысы)

## Тоғызқұмалақ ойыны бойынша (ерлер арасынан):

- 3 орын – Сабираддинов Абай (Мағыстау облысы)
- 2 орын – Тілеп Талант (Қызылорда облысы)
- 1 орын – Нұрниязов Бек (Ақтөбе облысы)
- Үздік партия – Нұрғалиев Әлібек (Батыс Қазақстан облысы)

## Жалпы командалық есеп бойынша:

- 3 орын – Қызылорда облысының командасы
- 2 орын – Атырау облысының командасы
- 1 орын – Ақтөбе облысының командасы

Спартакиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері салтанатты  
түрде марапатталып, оларға ҚР Судьялар одағының медаль-  
дары мен дипломдары табысталды. Қызықты әрі тартысқа  
толы екі күндік жарыс қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй  
мен жарқын әсер сыйлады. Ақтөбе облыстық сотының ұжы-  
мы келген қонақтарды жылы қарсы алып, зор құрметпен  
шығарды.

## Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі



Тоғызқұмалақтан ерлер арасын-  
да 1 орын – Жолдыбай Метаев (Қос-  
танай), 2 орын – Қанат Тобағалиұлы  
(Астана), 3 орын – Азамат Әшімов  
(СҚО).

Тоғызқұмалақтан әйелдер ара-  
сында 1 орын – Зарина Рахметова  
(Әскери сот), 2 орын – Әсел Досы-  
мова (Қостанай), 3 орын – Лейла  
Зинашева (Астана).

«Үздік ойыншы» Асқарбек  
Жүнісбеков (Әскери сот), Дариға  
Оспанова (Ақмола).

Үлкен теннистен 1 орын –  
Бақытқазы Ордабаев (Қостанай), 2  
орын – Мақсат Сембин (Астана), 3  
орын – Берік Нажмиденов (Жоғарғы  
Сот).



«Ең техникалық ойыншы» Берік  
Нажмиденов (Жоғарғы Сот). «Үздік  
пас шебері» Бақытқазы Ордабаев  
(Қостанай). «Үздік қабылдау ше-  
бері» Мақсат Сембин (Астана).

Үстел теннисі ерлер арасында 1  
орын – Нұрлан Нұрсапинов (Аста-  
на), 2 орын – Нұрман Айгелов (Қос-  
танай), 3 орын – Герман Нұрбаев  
(Жоғарғы Сот).

Үстел теннисі әйелдер арасында  
1 орын – Наталья Бурбаева (Қоста-  
най), 2 орын – Ризагүл Жұмәділова  
(Астана), 3 орын – Әсел Оразова  
(Әскери сот).

«Ең техникалық ойыншы» Де-  
нис Шипп (Жоғарғы Сот), «Сейітова  
Сағдат (Ақмола). «Үздік жеткізуші  
шебері» Ерлан Ыбырайымов (Әске-  
ри сот). «Үздік қабылдау шебері»  
Ғосман Рақымжанов (Ақмола).

Бильярдтан 1 орын – Жоғарғы  
Сот, 2 орын – Қостанай облы-  
сы, 3 орын – СҚО. «Үздік партия»  
Нұрсерік Шәріпов (Жоғарғы Сот).  
«Ең әдемі соғылған шар» Досжан  
Әмір (Жоғарғы Сот). «Шебер қол»  
(Серғазин Мақсат (Қостанай).

Сонымен қатар, үлкен теннис  
ойынына Ақмола облысының әкімі  
Марат Ахметжанов қатысып, өз ше-  
берлігін көрсетті.

Белсенді қатысушы үлкен тен-  
нистен 1-орынға ие болған Қоста-  
най облысы соттарының отставка-  
дағы судьясы Бақытқазы Ордабаев  
ерекше ойын көрсетіп, барлық қы-  
тысушыларға үлгі болды.

## Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ТАЛҚЫ

# «ШИКІ» ЗАҢ ТУРА ТӨРЕЛІККЕ ДЕГЕН КҮМӘНДІ КӨБЕЙТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл тек статистика емес – бұл азаматтардың артық мемлекеттік мәжбүрлеуден қорғалуға және әділ сот кепілдіктеріне деген терең қоғамдық сұранысының көрінісі. Мәселен, Конституциялық Соттың бір шешімінде тәртіптік изоляторда немесе қатаң жағдайда отырған сотталғандардың телефон арқылы заңгерлік немесе медициналық көмек алу құқығын автоматты түрде шектеу – жол берілмейтін іс деп танылды. Осындай ұстаным үйқамақта отырған тұлғаларға қатысты Соттың айтуынша, осы тұрғыда Конституцияның 77-бабында бекітілген, соның ішінде заңның кері күші туралы қағидалар – заң шығарушы үшін аса маңызды бағдар болу керек. Бұл нормалар жеке тұлғаның мүддесін ескеруді, құқықтық анықтығы мен үйлесімділікті қамтамасыз етуді талап етеді. Конституцияның 78-бабы соттарға – егер қолданылуға тиіс норма Конституцияға қайшы деп саналса, істі тоқтатып, Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын береді. Бұл – әділеттілікті қамтамасыз ететін маңызды кепіл. Дегенмен, ол қылмыстық-процестік заңнамада нақты механизммен бекітілуі қажет. Әсіресе, азаматтың құқықтары әлдеқашан шектелген жағдайда, судьяның уақытылы жүгінуі құқық бұзушылықтың алдын алуы мүмкін.

Сонымен қатар Конституциялық Сот төрағасы Конституциялық Соттың шешімдерін барлық мемлекеттік органдар мен соттар орындауға міндетті екендігіне назар аудартты. Бұл шешімдер – түпкілікті, міндетті және шағымдануға жатпайды. Сондықтан олар тек декларация емес, нақты құқықтық тәжірибені өзгерту құралы болуы тиіс. Осыған байла-



нысты Конституциялық Сот өз қаулыларын сот актілерін қайта қарау үшін негіз ретінде тану туралы ұсыныс білдірді. Бұл үшін тиісті өзгерістерді процессуалдық кодекстерге енгізу қажет.

Маңызды институционалдық жаңалық – Конституциялық Сот шешімдерін орындау және қылмыстық заңнамадағы нормаларды үйлестіру бойынша жауапкершіліктің Әділет министрлігіне жүктелуі. Бұл – түбегейлі қадам. Қылмыстық қудалауға тікелей араласпайтын бейтарап ведомствоның үйлестіруші рөлді атқаруы – мүдделер қақтығысын жоюға және тұлға құқықтарының жан-жақты ескерілуіне кепіл болады. 2024 жылғы конституциялық заңдылықты сақтау жөніндегі жолдауында Конституциялық Сот Парламентке өз шешімдерін ғана емес, сондай-ақ сот тәжірибесінің жинақтарын да заң жобалау кезінде жүйелі түрде ескеруді тапсырды.

Құқықтық аспектілермен қатар, қылмыстық саясаттың қаржылық өлшеміне де назар аударған жөн. Мәжбүрлеу жүйесіне бөлінетін бюджет тек жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге емес, оның алдын алу әсерін күшейтуге бағытталуы тиіс. Қаражаттарды ресоциализацияға, құқықтық ағартуға, цифрландыруға және институттарды реформалауға жұмсау

қажет. Президент ұсынып отырған «Заң және тәртіп» формуласы осылайша түсіндірілуі керек: бұл – заң күші мен тұлғаға құрметтің үйлесімі, ал шектен тыс шектеулерді ақтау тәсілі емес. Бұл формуладағы тәртіп – соқыр бағыну емес, сенімге негізделген қоғамдық келісімнің нәтижесі. Ал сенім – мемлекеттің тұрақтылығының іргетасы. Ол жарлықтар мен қаулылардан пайда болмайды. Сенім азамат өз құқықтарының қылмыстық қудалау сияқты ең қатаң мемлекеттік әрекеттер жағдайында да қорғалатынын көргенде қалыптасады. Бұл – Конституция үстемдігінің шынайы мәні.

Жиында сөз алған өзге спикерлердің сөзінен түйгеніміз, бұл конференция аяқ астынан болған шара емес, сонымен қатар көтеріліп отырған мәселе де бүгін назар аударылған жағдай емес. Алқалы басқосу аталған кодекстердің ҚР Конституциясының 1, 12, 13, 16, 18, 39-баптар және тағы басқа нормаларына және халықаралық құқықтық актілерге сәйкестігін, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау тиімділігін, соттар мен құқық қорғау органдарының құқық қолдану тәжірибесін және ғылыми талдаудың нәтижелерін талқылай келе, сондай-ақ шет мемлекеттердің ұқсас кодекстерін зерделеу нәтижесі. Сондықтан

жиын қорытындысында әрбір кодекс бойынша жасалатын түзетулер мен нақты ұсыныстар қабылданды. Кейбір кодексті қайта қабылдау керек деген де пікір айтылды. Кейбіріне тоқтала кететін болсақ, мәселен, Қылмыстық кодекстегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың «объективтік» және «субъективтік» белгілері – бұл заңның екіұштылығын және олардың еркін түсіндірілуін болдырмауы қажет. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі қылмыстық заң талаптарына сай баяндалуы тиіс. Сол секілді қылмыстылықты жоққа шығаратын мән-жайлар жаңа редакцияда қайта жазылу керек. Қылмыстық жазалар – олардың түрлері мен мөлшері қылмыстың санаттарын ескере отырып қайта қаралуы қажет. Басты жаза ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын енгізу, және оны екі түрге шартты түрде мерзімінен бұрын босату және шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығынсыз деп бөлу керек.

Тағы бір ұсыныс көмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығына қатысты жасалды. Бұл орайда оларды толық көлемде қоғамдық қауіптілігін түсіне алмайтын қылмыстар үшін жауаптылықтан босату қажеттігіне назар аудартылды. Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша қылмыстық жазаларды арттыру қажеттігі атап көрсетілді. Өйткені бұл жазалар қазіргі таңда ұқсас, бірақ сыбайлас жемқорлыққа жатпайтын қылмыстар үшін белгіленген жазалардан да жеңіл.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы бойынша мемлекет тарапынан құқықтарын дербес жүзеге асыруда осал тұлғаларға (кәмелетке толмағандар, физикалық және психикалық ауытқулары барлар, сот ісін жүргізу тілін білмейтіндер) кепілді заң көмегін енгізу, тұлғаның күдіктіге, күәгерге айналу процесін не осы мәртебеден айырылуын рәсімдеудің нақты тетігін бекіту, қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеуге тыйым салынатын жағдайларды кеңейту және тағы басқа түзетулер ұсынылды. Ал, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) заңнамасы саласында сотталғандардың ұстау жағдайларын өзгерту, жазаны ауыстыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босату (ШМББ) және басқа да институттарды қолдану міндетінен босатып, бұл өкілеттікті әрбір пенитенциарлық мекемеде және проба-ция қызметінде құрылатын Қадағалау комиссияларына беру қажеттігі айтылды. Сонымен қатар сотталғандардың еңбекпен қамтылу деңгейін арттыру үшін жеке кәсіпкерлікті, демеушілерді, еріктілерді кеңінен тарту қажет. Бұл мақсатта Қамқоршылар кеңесінің жетекшілігімен пе-

нитенциарлық реформаларға жәрдемдесу қорын құру ұсынылды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама саласы бойынша Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнама мен қылмыстық заңнаманың реттеу пәндері араласып кеткендігі, осының салдарынан бұл құжаттардың кейбір нормалары бір-бірімен қатар қолданылатыны айтыла келе олардың ерекше бөлімдерінің нормаларына толық ревизия жүргізіп, айқындалған қайшылықтарды жою және ғылыми негізге сүйене отырып, нақты шекара жүргізу қажеттігі атап көрсетілді.

«Е-Құқық» бірыңғай цифрлық платформасын құру, құқық қолдануды мониторингтеу, әкімшілік жазалардың сәйкестілігін бақылау, ұлттық құқықтық сауаттылық бағдарламасын дайындап жүзеге асыруға қатысты пікірлер ортаға салынды. Сонымен қатар ҚР ІІМ немесе басқа уәкілетті орган жанынан Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу комитетін құру, Қылмыстың себептерін зерттейтін жеке ғылыми-зерттеу институтын құру мүмкіндігін қарастыру қажеттігі мәлімделді. Құқық бұзушылықтардың алдын алуға айыппұлдардан түсетін қаражаттың бір бөлігін бағыттау қажеттігі де өткірі тұр.

Құқықтық ғылым мен білім беру саласына қатысты қазіргі кезде заңнама көбіне ғылыми негізден гөрі, саяси серпінге жауап ретінде жатқаны да назардан тыс қалмады. Бұл орайда жиыңға қатысушылар құқық шығармашылығында ғылымға басымдық беру қажет деген тұжырымға тоқтады. Онда ғылыми пікір, әсіресе қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық-атқару және әкімшілік құқық салаларында – заң жобаларын әзірлеу кезінде міндетті элементке айналуы тиіс. Юриспруденция ғылымының өкілдерін ҚР Парламенті Мәжілісі мен мемлекеттік органдар жанындағы жұмыс топтарына институционалдық түрде қатыстыру қажет. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында заң білімін дамыту мәселесін Үкімет деңгейіне шығару керек. Бұл бағытта жүйелі, ведомствоаралық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген шешімдер қабылдау қажет. Үкімет деңгейінде заң кадрларын даярлау жүйесінің қазіргі жағдайын зерделеу, заң саласының кадрлық әлеуетін нығайту бойынша нақты шаралар әзірлеу ұсынылды. Осыған орай заң пәндерінің оқытушыларына арналған Ұлттық біліктілікті арттыру институтын құру қажеттігіне назар аудартылды. Бұл жиын елімізде жаңа құқықтық реформаның қажеттігін айқын аңғартты.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,**  
**«Заң газеті»**

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

## ТАЗАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Абай облысында өңір басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының өңірде жүзеге асырылу барысы бойынша жиын өтті.

Отырысқа бейнережимде қатысқан қала және аудан әкімдері, жиынға шақырылған облыстық басқарма басшылары аймақ басшысына тазалық акциясы аясында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының мәліметінше, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыстың елді мекендерінде аумақтарды тазарту, абаттандыру және көгалдандыру бойынша санитарлық сенбілік-

тер өткізілді. Тазалық шарасына 106 мыңнан астам тұрғын қатысқан. 51,1 мың аула, 932 саябақ пен сквер, 397 ескерткіштің аумағы тазартылған.

Бұған дейін облыс әкімінің тапсырмасымен Семей қаласы аумағы 21 учаскеге бөлініп, әрқайсысы басқармаларға бекітілген болатын. Облыстық басқармалар аумақтық департаменттермен бірлесіп, шаһар аумағынан 3985 қап қоқыс және 529,59 тонна қоқыс үйінділерін шығарған.

Облыс әкімі мемлекеттік қызметкерлердің қаланың тазалығына ерекше атсалысып жатқанын атап өтіп, бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ**  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

## ВЕЛОЖОЛДАР – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Облыс орталығында қала аумағын абаттандыру және әлеуметтік нысандарды салу жұмыстары қарқынды жалғасуда. Жақын арада көкшетаулықтар мен қала қонақтары жаңа веложолмен серуендеп, Копа көлінің жаңартылған жағалауымен жүру мүмкіндігіне ие болады.



Айта кету керек, бұл – қаладағы велосипед инфрақұрылымын дамытуға бағытталған алғашқы ауқымды жоба. «Qazaq Sity Stroy»

ЖШС өкілі Ринат Минкиннің айтуынша, құрылыс жұмыстарының 80%-ы аяқталған. Веложолдың ені әртүрлі: кейбір учаскелерде 1,5 метр, ал кей-

бірінде 2 метрге дейін жетеді. Қазіргі таңда асфальтбетон жабыны төселуде.

Сапар абаттандыру жұмыстарына ерекше назар аударды. Бұл жоба бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында, АҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатыр. «АБК Автодор НС» ЖШС жобасының жетекшісі Асхат Ғалымжановтың айтуынша, қазіргі уақытта жұмыстардың шамамен 80%-ы орындалған. Барлық қажетті құрылыс материалдары жеткізілген. Қазір шағын сәулет нысандары орнатылып, ағаш отырғызу жұмыстары қызу жүріп жатыр.

**А.ТОҚАНОВ**  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## БІЛІМ БЕРУ НЫСАНЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

2022 жылдан бастап Алматыда 50-ден астам білім беру нысаны салынды және жаңғыртылды. Олардың қатарында 7 балабақша, 47 мектеп және 4 оқушылар үйі бар. Қазіргі уақытта тағы 7 балабақша, 37 мектеп (оның ішінде 21 «Жайлы мектеп»

жобасы аясында), 2 колледж және «Жанұя» мамандандырылған интернатының құрылысы жалғасуда.

Аталған жобалар аяқталған соң оқушы орындарының тапшылығы шамамен 5 мың орынға дейін азаяды. Қалада мектептер бір ауысымды оқыту форматына біртіндеп

көшіп жатыр. Сонымен қатар, «Мектеп автобусы» жобасы сәтті жүзеге асырылды: қаланың шалғай аудандарынан 16 мыңнан астам оқушы білім беру мекемелеріне ыңғайлы әрі қауіпсіз көлікпен жеткізіледі.

**А.МӘУЛЕНБАЙ**  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

## ШЫМКЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫ МӘМС-тің ПАЙДАСЫН КӨРУДЕ

Шымкентте жыл басынан бері МӘМС қаражатының есебінен 300-ден астам жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілген. Айтарлықтай қаржыландыру кардиохирургиялық және нейрохирургиялық күрделі операцияларға бағытталған.

МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі тұрғындар үшін жоғары технологиялы медициналық көмек, профилактикалық тексерулер мен оңалту шаралары, консультациялық-диагностикалық қызмет пен есепте тұрған нау-

қастардың дәрі-дәрмекпен қамту аясын да кеңейткен.

Шымкентте тұрғындардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қамтылу қарқыны артуда. Бүгінгі таңда 926307 азамат, яғни халықтың 80 пайызға жуығы сақтандырылған. Оның ішінде жеңілдік санатындағы 700 мыңнан астам адамның жарнасын мемлекет төлеуде. 335402 адам сақтандырылмаған.

**С.АСҚАР**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан дербес кассациялық инстанция құру мәселесі бойынша заң және кәсіпкерлік қоғамдастықпен консультациялар өткізу қажеттілігі пісіп-жетілді» деп құзырлы орындарға нақты тапсырма жүктегені есімізде. Осы тапсырмадан кейін кассацияның жұмысын жаңғырту бойынша іргелі ізденістер қолға алынды. Өркеніетті елдердің тәжірибесі сарапталып, шетел соттарындағы кассациялық алқаның жұмыс барысы, нәтижесі, тиімділігі жан-жақты зерделенді. Яғни, жақында қолданысқа енгізілгелі отырған дербес кассациялық соттар – халық қалауынан туындаған бірегей жоба. Сонымен бірге, жаңа соттар – азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту мақсатында сүзгіден өткізілген, терең талдау мен таңдаудың жемісі десек шындықтан алыстай қоймаймыз.

– **Жаңа бастамаларда озық елдердің сот реформаларына үңілу, ізденісі мен іркілісін сараптау қалыпты үрдіс. Озық елдер кассациялық соттың қандай моделіне басымдық береді екен?**

– Бір елде өзін ақтаған, оң нәтиже көрсеткен реформа басқа елде жақсы көрсеткіш көрсетпеуі мүмкін. Себебі әр елдің менталитеті бөлек, халқының тұрмыс-тіршілігі басқа. Мұндай тұжырымға бұған дейінгі заң дайындау, жобаларды қарастыру барысында көзіміз анық жеткен болатын. Ал шетелдік сот тәжірибелерін зерделеу жаңа жобаның қандай нұсқасы қазақстандық сотқа оңтайлы екенін білу үшін керек. Сонда аңғарғанымыздай әлемде кассациялық қайта қараудың француз, герман, ағылшын-саксон, ресейлік модельдері бар. Осы төрт модель де өзіндік ерекшелігімен дараланады. Мәселен, Ресей мен Германияда кассацияның мақсаты үқсас. Ол төменгі саты соттарының шешімдерін қайта қарауға бағытталған. Бірақ процедурасы мен негіздері бойынша ерекшеленеді. Ресейде кассация кеңірек, заңды түсіндірудегі қателіктерді ғана емес, дәлелдемелерді қолданудағы қателіктерді де қарайды. Ал Германияда кассация неғұрлым тар сипатта болады және шешімнің нақты дұрыстығын емес, заңдылығын тексеруге бағытталған. АҚШ Жоғарғы Соты мен Ұлыбритания лордтар палатасындағы ағылшын-саксон моделі шектеулі түрде жұмыс істейді әрі ол құқықтың негізгі мәселелеріне бағытталған. Ұлыбритания мен АҚШ-та кассациялық соттар құқықтың принципалды мәселелеріне басымдық бергендіктен, істердің аз ғана бөлігін қарастырады. Мұндай іріктеу азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін шектейді. Француз моделі де өзінше дара. Бұл елде кассация істің нақты мән-жайларын қозғамай, тек құқық мәселелерін қарастырады. Француз кассациялық соты құқық қолдануды табысты түрде біріздендіруімен үлгі болып отыр. Осы елдер тәжірибесінің ішінде Германияның федералды соты төмен тұрған соттардың қателіктерін түзетіп, сот төрелігіне деген сенімді күшейткен. Мұндағы соттарда тұрақты практиканың орнығуы инвесторлар үшін де маңызды аргумент болып табылады. Себебі заң үстемдігіне көз жеткізетін құқықтық тұрақтылық елге қаржы салсам деп ниеттенген отандық кәсіпкерлер мен шетелдік инвесторларды ынталандыруға айтарлықтай оң әсерін тигізеді. Осындай көш басында тұрған елдердің кассациялық сатысы бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұлардың әрқайсысының өзіндік басымдықтары мен кемшіліктері бар. Міне, осы сот тәжірибелерін таразылай келе кассациялық соттың қазақстандық моделі жасақталды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Кеңескен істе кемшілік болмайды» дегенді дана халқымыз тегін айтпаған. Біздің дербес кассациялық соттар да ел азаматтарының белсенділігі мен заң үстемдігін орнықтырсақ деген ынтасының арқасында үлкен талқылаулардан өтті. Әр сала өкілдері бас қосқан жиындарда кассацияның маңызын арттырып, азаматтар құқығын қорғаудағы пәрменін көтеруге қатысты ұсыныстар мен тілектер сараланды. Кассациялық соттың бүгінгі моделі – сот реформасына бейжай қарамай-



Исатай СМАТОВ, Маңғыстау облысы әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

## «ЖАҢА РЕФОРМАЛАР – ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСТАУЫ»

тын барша белсенді тұлғалардың ой-пікірінің түйіні дегеніміз дұрыс.

– **Астанада жұмысын бастағалы отырған үш дербес кассациялық соттың жаңалығы мен артықшылығы неде?**

– Жаңа модельді таңдағанда қоғамның қажеттілігі, азаматтардың талап-тілегі толық ескерілді. Негізі мұндай өзгерістің қолға алынуына «таңдап қарайтын кассация» тәртібіне байланысты қоғамның өкпе-реніші тікелей әсер еткені белгілі. Мұндай әдіс азаматтардың сот арқылы қорғану құқығын шектеп келген еді. Істерді бір судьяның таңдап барып алқалық құрамға ұсынуының нәтижесінде іс-материалдарының тек 5 пайызы ғана кассацияның қарауына беріліп келді. Ал жаңа модельге сай кассациялық соттар жаппай қарау немесе үздіксіз кассация моделін басшылыққа алады. Мұндай модель әкімшілік істер бойынша қолданылып жүр, істердің барлығы кассацияда қаралып жатыр және бұл оң нәтиже беруде. Мұндағы артықшылықтар аз емес. Ең алдымен кассациялық соттар бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етіп, құқықтық ұстанымды қалыптастыра алады. Соның арқасында заңды тәжірибеде қолданудағы ала-құлалыққа жол берілмейді. Бір заңның сан түрлі түсіндірілуі азаяды. Шешімдердің заңға сәйкестігі жан-жақты тексерілетіндіктен, кассациялық қайта қарау барысында сот қателіктері кемиді.

Кассациялық соттар «Жаппай кассация» қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады, яғни істер бірден кемінде 3 судьядан тұратын құрамның қарауына түседі.

Жаңа соттардың Астанада құрылуы кассациялық органның тәуелсіздігіне кепіл болады. Бүгінгі күнге дейін кассациялық соттардың жұмысын жүйелеуге байланысты ауқымды шаралар қолға алынды. Әсіресе, сот сатыларының өкілеттіктерін нақты бөлетін жүйені сауатты ұйымдастыру, жаңа соттарда қызмет ететін судьялар мен мамандардың сапалы болуына көңіл аударылды. Сондай-ақ шағымдарды оңтайлы саралауға, процестерді автоматтандыру және цифрландыруға терең назар аударылды. Кассациялық сотта бұл мәселелерді оңтайлы шешудің маңызы зор.

– **Кассациялық соттың қазақстандық моделі несімен ерекше?**

– Кассациялық соттар – сот төрелігінің сапасын көтерудегі маңызы зор қадам. Былтыр кассациялық сот құрудың заңдық тәртібі бекітілді. Соған орай Президент бірнеше заңнамаға қол қойды. Құқықтық құжаттарда кассациялық соттардың өзіндік ерекшелі-

*Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев өз сұхбатында жеке кассациялық соттарға ғимараттарды салуға мүмкіншіліктің барын, ол өзіміздің 6,5 пайыз бюджеттен беріліп жатқан қаражаттың есебінен жасалатынын, кассациялық сот судьялары мен мамандарын аралықтағы бірінші сатыдағы, апелляциялық сатыдағы жүктемелерді қарап соның ішінен бөлетінін атап өткен. Демек, кассациялық соттарды құруға мемлекеттен қаражат бөлінбейді, қазына қаржысына әсер етпейді. Жаңа соттың кадрлық әлеуеті ескерусіз қалмайды.*

гімен қатар, сот төрелігінің сапасын жақсарту, судьялардың кәсіби біліктілігін көтеру, олардың жауапкершілігіне қатысты тетіктер де қарастырылған. Кассациялық соттың бірнеше артықшылығын тізбелеп көрсетуге болады. Біріншіден, бұл дербес соттардың жұмысы сот шешімдерінің заңдылығын бақылауға бағытталған. Соған орай кассациялық сот төменгі сатылар қабылдаған шешімдердің заңдылығын тексеріп, қателіктерді анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді. Мұндағы негізгі міндет – заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етуді және сот шешімдерінің заңға сәйкес әділ болуын қадағалауды көздейді.

Екіншіден, кассациялық соттар елімізде бірыңғай сот тәжірибесін қамтамасыз етуді мақсат етеді. Соның арқасында соттар заңды бірізді және түсінікті түрде қолданып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға басымдық береді. Сот тәжірибесіндегі әртүрлі түсініктемелер мен қайшылықтардан аулақ болу үшін заңды дұрыс түсіндіруде және қолдануда кассациялық соттың маңызы зор. Үшінші тетік азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуді көздейді. Сот шешімдері заңсыз немесе негізсіз қабылданған жағдайда, кассациялық соттың араласуы арқылы азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік мол. Бұл сот процесіне қатысушыларға әділдікке жету үшін соңғы мүмкіндік ұсынып, сол арқылы сот жүйесіне деген сенімділікті күшейтеді.

Сот процестерінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету, процестердегі қателіктерді түзету де кассациялық сот құзырындағы мәселе. Төменгі сатыларда орын алған заңдық және процессуалдық қателіктер де кассациялық сотта қаралып, түзетіледі. Бұл сот процестеріндегі әділдік пен заңдылықты сақтауға мүмкіндік береді. Осының бәрінен шығатын түйін: кассациялық сот құқықтық жүйенің дамуына ықпал етіп, заңдарды тиімді қолдануға жол ашады.

– **Президентіміз «касса-**

**циялық сотты құру жөнінде ортақ пікірге келсек, сот жүйесінің бюджетін ұлғайтуға жол бермейміз», – деп атап өткен еді. Жалпы, дербес кассациялық соттарды құру қазына қаржысына шынымен теріс әсер етпей ме?**

– Дербес кассациялық соттар қосымша қаржыны қажет етпейді. Тіпті судьяларға берілетін бірлікте соттың мүмкіндігін ескере отырып, мемлекеттік бюджетке салмақ салмайтындай етіп жасалған. «Кадр бәрін шешетіндіктен» кассациялық сот құрамын салада еңбек етіп жүрген, тәжірибесі мол, кәсіби біліктілігі жоғары судьялармен толықтыруға көңіл бөлінген. Кассациялық сот судьяларына қойылатын талап та осал емес. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 29-бабы 4-1-бөлігінің талабына сәйкес, кассациялық сот судьясы болу үшін заңгерлік мамандық бойынша кемінде 18 жыл жұмыс өтілі немесе кемінде 8 жыл судьялық өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде 3 жыл тәжірибесі болуы қажет. Ал 30-баптың 4-бөлігіне сәйкес, кас-

өзгерістер орын алады. Жоғарғы Сотта сот актілерін қайта қарау Жоғарғы Сот судьясының ұсынысы бойынша ерекше жағдайларда ғана, яғни егер оларды сот тәжірибесіне қайшы жергілікті немесе кассациялық соттар қабылдаған жағдайда ғана мүмкін болады.

Ал кассациялық соттар толықтай тәуелсіз болады. Президент бұл ретте «Кассациялық соттардың дербестігі азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді», – деген болатын. Маңызды қағидат болғандықтан, сот билігінің тәуелсіздігі институттық деңгейде де, жеке деңгейде де қамтамасыз етілуі және сақталуы тиіс.

– **Кассациялық соттардың төменгі саты соттарының жұмысына ықпалы бар ма?**

– Қандай да бір қателік анықталса, кассациялық сот шешімнің күшін жояды, өзгертеді немесе қайта қарауға жібереді. Бұл өз кезегінде төменгі саты соттарының жауапкершілігін арттыруға айрықша ықпал етеді. Азаматтар кассациялық

шағымды апелляциялық соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана беретінін білгендері жөн. Кассациялық соттың шағымы қайта қаралмайды, өйткені, бұл – тараптар шағымдануға болатын соңғы орган. Осы ретте медиацияның мүмкіндіктерін назардан тыс қалдырмағанымыз абзал. Яғни, кассациялық сотқа келгендер қол алысып, дауды келісіммен бітіріп шықса, халықтың сот жүйесіне деген сенімі бірден артары анық. Сот істерінің барлық бағытында медиацияның мүмкіндігін толықтай қолдануға тиіспіз.

Кассациялық соттарға шағымдар алдын ала қараусыз тікелей түседі. Ең басты тиімділігі осында. Одан кейін сот процесіне тараптар міндетті түрде қатыстырылады. Процестің ауызша өтіп, тараптар талап-тілектерінің тыңдалуын заң үстемдігін орнатудың бірден-бір тетігі ретінде бағалауға болады. Қылмыстық, азаматтық әкімшілік болсын үш кассациялық сотта да сот ісін жүргізудің бірыңғай тәртібі бекітілген. Сондықтан, кассациялық соттар сот төрелігінің сапасын жақсартып қана қоймайды, сот сатыларының тиімді тетігін қалыптастырады. Қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуда мұндай реформалардың маңызы зор.

Санаулы уақыттан кейін дербес кассациялық соттар өз жұмысына кіріседі. Заң өміршен болып, бастама халықтың көңілінен шығуы үшін бүгінде сот тарапынан заңнаманы таныстыру, реформаның артықшылықтарын түсіндіру бағытында кешенді шаралар қолға алынуда. Маңғыстау облыстық соты да жақында құзырлы құрылым өкілдері мен қоғам белсенділерін, үкіметтік емес ұйым мүшелерінің басын біріктіріп, «Қазақстандағы сот реформасының жаңа белесі – дербес кассациялық соттар» деген тақырыпта басқосу өткізді. Облыстық сот төрағасы Мақсұт Текетаев жаңа соттың «бірегей кассациялық фильтр» қағидатына негізделіп отырғанын айтып, жаңашылдықтарды жан-жақты түсіндірді. Осы алқалы жиында кассациялық соттардың басымдықтары, күтілетін нәтижелер талқыға салынды. Кассациялық соттарға байланысты туындайтын сауалдарға судьяларымыз да тұрақты жауап беріп, жаңа реформаның жүзеге асыруа өз үлестерін қосып отыр. «Көптің қолы көкке жетеді» дейді дана халқымыз. Сол айтпақшы, көптің игілігі үшін қолға алынған бұл реформаның ел мүддесіне сай жұмыс істеріне сеніміміз мол.

– **Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!**

Айнұр СЕМБАЕВА,  
«Заң газеті»

## КӨКЖИЕК



# ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҮЛПАР БАПТАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Орал шаһарындағы дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернатында «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын өтті.

Іс-шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев, «Жайықсельстрой» ЖШС-нің басшысы Сәбит Рахметов және ардагер ұстаздар қатысты. Оқу жылының аяқталуына арналған жиын мектеп негізін қалаған қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімімен басталды.

– Сіздер мектепті аяқтап, алдағы үлкен өмірге қадам басқалы тұрсыздар! Оқушыға 11 жыл аз уақыт емес. Дегенмен, алда бағындыратын белес одан да көп, себебі білім жолы шексіз. Өздеріңіздей дарынды, талапты және еңбекқор жастар – заманауи Қазақстанның жарқын келбеті. Әрдайым білімге, шығармашылыққа, жасаппаздыққа ұмтылған, бірлік пен ынтымақты ту еткен терең білімді азаматтар – ұлтымыздың басты капиталы. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс», – деген еді. Бұл бағытта өңірімізде соңғы үш жылда 26 мектеп салынды. Оның ішінде 16 мектеп КПО компаниясының әлеуметтік инвестициялық жобасы аясында, 7 мектеп жергілікті бюджет есебінен, 3 білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Ауқымды жұмыстардың бірі – соңғы үш жылда 24 мектептің күрделі жөндеуден өтуі. Солардың қатарында Сәкен мектебі де бар. 100 жыл бұрын ұлт жана-

шыры Сәкен Сейфуллиннің бастамасымен Орал қаласындағы тұңғыш қазақ мектебі ретінде іргетасы қаланған білім ошағының түлектері ретінде ақын Ақұштап Бақтыгереева, генерал-майор Талап Қабденов, айтыскер-ақындар Қатимолла Бердіғалиев, Бауыржан Халиолла, Талант Арынғали, мемлекет және қоғам қайраткері Бірғаным Әйтимова, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан тәрізді азаматтардың есімін ерекше атауға болады. Осындай киелі ордада біліммен сусындаған сіздер де ертеңгі күні ел үмітін ақтайтын арда азамат, мықты маман болады деп сенемін, – деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев өз құттықтауында.

Сәкен мектебінің дарынды оқушылары жыл сайын облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық білім сайыстары мен шығармашылық байқауларда топ жарып, облыс пен мектеп намысын қорғап келеді. Білім, өнер, спорт додаларында «Жүзден жүйрік, мыңнан түлпар» атанған шәкірттер жетерлік. Бұл күні республикалық білім бәсекесіндегі үздік нәтижесі мен дарындылықтың айнымас үлгісі болғаны үшін 11 «Б» сынып оқушылары Назерке Меңдіғали «Жыл таңдауы – 2025» аталымымен марапатталса, Аружан Түмен республикалық білім бәсекелеріндегі жоғары зияткерлік әлеуеті мен ерекше табандылығы үшін «Зияткер түлек – 2025» атанды. Мектеп мерейін асырған түлектерге облыс әкімінің атынан ноутбук сыйға берілді.

Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернатының директоры Шынар Зұлқашеваның айтуынша, аталмыш білім ошағын 80 түлек аяқтағалы отыр.

– Биылғы оқу жылы мектебіміз үшін жетістіктерге толы жыл болды. Оқушыларымыз халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Халықаралық робототехника фестивалінде Жасмина Ғалымжан мен Дәурен Қабіболла екінші орын иеленсе, «RoboZerde–2025» I халықаралық робототехника фестивалінде Рауап Бақтығали – екінші, Жаңаталап Ибраһим – үшінші орынға қол жеткізді. «Ғылым әлемін ашамыз» халықаралық көрме-бай-

қауында Аружан Нәдір атты оқушымыз үшінші орын иеленді. Республикалық пәндік олимпиадада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Назерке Меңдіғали – бірінші, Эленора Мәлік – екінші, құқық негіздері пәнінен Шұғыла Мүтиғолла – бірінші, ағылшын тілі пәнінен Арсен Аблхаресов – үшінші орынды иеленді. Облыстық пән олимпиадасында 25 медальмен БҚО бойынша «Үздік олимпиадалық команда» атандық. Бұл жетістіктердің артында ұстаздарымыздың өлшеусіз еңбегі тұр, – деп сөзін сабақтаған мектеп директоры Шынар Мүлкайқызы математика пәнінің мұғалімі Әлімбек Айсәғалиевтің «Оқу және математикалық сауаттылық: табысты синергия» республикалық байқауында командалық есепте I орын, жеке есепте III орын алып, облыс мерейін асырғанын ерекше атап өтті.

Биыл ғасыр биігіне шыққан Сәкен мектебінің 100-түлектеріне арналған салтанатты шарада мектеп валісі биленіп, түлектер мен ұстаздардың қоштасу әндері шырқалды. Бала шақтан болашаққа қадам басқан түлектер ұстаздарға алғыс арнады.

Айта кетейік, Биыл Батыс Қазақстан облысында 7095 түлек мектепті аяқтаса, оның ішінде 337-сі «Алтын белгіге», 419-ы «Ерекше аттестатқа» үміткер. Осы оқу жылында облыс оқушылары халықаралық олимпиададан 1 күміс, 2 қола медаль иеленсе, республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша облыс командасы екінші орын биігінен көрініп, 14 алтын, 24 күміс және 43 қола медаль алды.

**Айгерім ҒАЛЫМ**  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



## БАҒДАР

Алматы облысының Райымбек ауданында енді туризм экономиканың басым бағытына айналмақ. Бұған дейін басты назарды тек ауыл шаруашылығына аударып келген шекаралық аудан енді туризмге де иек артпақ.

Өңір басшысы Берік Дүйсенбаевтың айтуынша, көрші елдің іргелес Моңғол күре ауданына күн сайын 35-40 мың турист келеді екен. Егер оның 10-20 пайызы Қазақстанға келетін болса, облыс орталығынан ең шалғай жатқан таулы жердегі Райымбек ауданы тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлкен септігін тигізбек. Өйткені екі ауданның табиғаты, ауа-райы бірдей. Туристер көбейсе аудан тұрғындары өздерінің жеке кәсібін ашып, ұлттық тағамдарды сату арқылы немесе қонақтарды күтіп алу арқылы өз тұрмысын түзеуге мүмкіндік алады. Көршілес Қытайда туристер ұлттық ат спорты ойындарын былай қойғанда, жайлаудағы жылқышылардың жылқыны суатқа түсіруі мен өріске айдап шығарғанын көрудің өзін үлкен шоу ретінде тамашалайды екен.

«Райымбек ауданы туризмге өте ыңғайлы.

# ТАУЛЫ ӨЛКЕ ТУРИЗМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРМЕК

Бізде туризмнің жеті бағытын дамытуға мүмкіндік бар. Суы да, тауы да, орналасқан жері де өте керемет. Райымбек ауданы Қытаймен 240 шақырым, Қырғызстанмен 40 шақырым шекараласпыз. Былтырдан бері Қытайдан жаяу туристер өтетін өткел ашуға үлкен жоба қолға алынып жатыр. Ол ашылса біріншіден ауданымыздың экономикасына, екіншіден туризмнің дамуына үлкен серпін береді. Бұған дейін туристер мұнда тек жол талғамайтын көліктермен келетін. Жеңіл көлікпен келгендер жолдан шошып, қайта келмейтін. Өйткені Кеген мен Нарынқол ауылының ортасындағы республикалық маңызы бар 89 шақырымдық жол тұрғындарды бірталай әбігерге түсіріп келе жатқан жайы бар», – дейді Б.Дүйсенбаев.

Аудан әкімінің сөзіне қарағанда облыстық маңызы бар 240 шақырым жолдың 98 пайызы жасалған. Қалған 2 пайызы биыл аяқталады. Оған қаражат бөлінді. Аудандық маңызы бар 282 шақырым жолдың 65 пайызы жасалған. Биыл 85 пайызға жеткізіледі.

Аудан әкімінің орынбасары Самат Сатылғановтың айтуынша, Райымбек өңірінде тіркеуден өткен 7 туристік аймақ бар. Бұдан бөлек, жылда маусымдық 200-ден астам киіз үй тігіліп, туристерді қабылдау орындары жұмыс



істейді. Атап айтқанда, Шөлкөде, Шұбартал, Сырт жайлауларына шығатын малшылар тек мал бағып қоймай, үйдің жанынан қосымша 2-3 киіз үй тігіп, оны ауданның табиғатын тамашалауға келген саяхатшылар үшін демалыс орындарына айналдыруда.

«Аудан бойынша туристерге 4 маршрутты дайындап отырмыз. Олар: Ойқарағай, Шұбартал, Шөлкөде және Байынқол шатқалынан Хан тәңірінің етегіне дейін барады.

кейін ғана өздерін альпинист деп атайтын дәстүр болған. Енді инфрақұрылым мәселесі біртіндеп шешіле бастаған соң Райымбек ауданының даңқы шартарапқа жайылатын болады. Қазірдің өзінде инвесторлар ауданда түрлі демалыс орындарын салып, туристік инфрақұрылымды дамытуға қызығушылық танытуда.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

## ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

# «НҮКТЕ МЕН СЫЗЫҚ» КӨРМЕСІ ӨТТІ



Алматы қаласындағы Efes Art Space алаңында «Нүкте мен сызық» атты ерекше көрме өз жұмысын бастады. Бұл көрме – EFES Kazakhstan компаниясының қолдауымен жүзеге асқан инклюзивті өнер жобасының бір жылдық еңбегінің нәтижесі. Жобаның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар жандарға көркем шығармашылық арқылы өздерін еркін танытуға мүмкіндік беру, инклюзивті қоғам құруға бағытталған мәдени платформаларға жол ашу.

Көрмеде заманауи қазақстандық өнердің көрнекті өкілі, «Қызыл трактор» арт-тобындағы танымал суретші Арыстанбек Шалбаев пен оның шәкірті, Даун синдромы бар жас суретші Айша Бактыгулованың 60-тан астам бірлескен жұмыстары ұсынылды. Бұл туындылар – бір жыл бойы үздіксіз шығармашылық диалог пен өзара үйренудің нәтижесі.

Көрме атауы өзінің символикалық мағынасымен ерекшеленеді. Көрменің философиялық негізі Василий Кандинскийдің мына сөздерінен бастау алады: «Геометриялық сызық – бұл көрінетін объект. Ол қозғалатын нүктенің ізі, яғни оның туындысы. Ол қозғалысқа енген сәтте, тыныштықта тұрған нүктенің жоғалуы нәтижесінде пайда болады. Осылайша сызық – көркем өнердің алғашқы элементі – нүктеге мүлдем қарама-қарсы қасиеттермен сипатталады».

Айша мен Арыстан Шалбаевтың шығармашылық серіктестігі осы қарапайым әрі терең көркем ұғым арқылы көрерменге жеткізіледі. Шалбаевтың кәсіби шеберлігі мен Айшаның сезімтал көзқарасы, ерекше ойлау жүйесі үйлесіп, заманауи өнерде сирек кездесетін туындыларды дүниеге әкелді.

Арыстанбек Шалбаев былай дейді: «Заманауи өнерге жатпайды, дәстүрлі реализм, академизм емес, таза абстракция, таза энергиямен салынған. Айша қарында-

сымыздың болмысы да өзіндік даралықты көрсетеді. Формирлеу, басқаға назар аударту – осының бәрі жұмыстарында көрініс тапқан».

Ал суретші Рашид Нүрекеев көрмеге қатысты өз әсерін былай жеткізді: «Қарап отырсам, Айшаның жұмыстары өте эмоционалды, оның ішкі дүниесінен шыққан сияқты. Бұл туындылар абстракцияны сүйетіндер үшін ерекше тәжірибе».

Көрмеде ұсынылған туындылар адам эмоциясын, ішкі дүниесін көркем бейнелер арқылы жеткізуді мақсат етеді. Шығармалардың мазмұны – таза абстракция, ал формасы – еркін, шектеусіз. Айшаның жұмыстарынан әлемге деген сенім, бояуға деген ерекше ықылас пен жүрекпен салынған әрбір штрих сезіледі.

Бұл жоба тек өнер туындыларымен ғана емес, инклюзивті білім беру мен шығармашылық тәлімгерліктің әлеуетін де көрсетеді. Айша Бактыгулова мен Арыстанбек Шалбаев арасындағы қарым-қатынас – біржақты оқыту процесі емес, керісінше, екі жақты үйрену мен дамудың тамаша мысалы.

«Нүкте мен сызық» көрмесі – инклюзивті қоғам құрудың, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мүмкіндігін мойындаудың және қолдаудың мәдени өрісі.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ЖОЛ САПАСЫ

# МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСТАР БАСТАЛДЫ

Көктем шығып, жер дегдіген уақытта елімізде жол жөндеу жұмыстары басталады. Бұл кезең тек жол салушылар үшін ғана емес, сонымен қатар құрылыс сапасын қадағалайтын мамандар үшін де маңызды. Жол жабыңдысының сапасы пайдаланылатын асфальттың құрамына тікелей байланысты. Осыған орай, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығының» аймақтық бөлімшелері жол-құрылысы маусымының алдында асфальт-бетон зауыттарына (АБЗ) тұрақты түрде тексеріс жүргізуді бастайды.

Зауытты тексеру 16 негізгі тармақты қамтитын асфальт-бетон зауыттарынан асфальт-бетон қоспаларын шығару мен оның сапасын бақылау жөніндегі қағида негізінде жүзеге асады (қоспа түрінің көлемін сақтау, компонентті мөлшерлеу дәлдігін тексеру, экологиялық қауіпсіздік туралы шара). Ол шикізатты таңдау мен дайындаудан бастап, төсеу алдында дайын қоспаны бақылауға дейінгі өндірістің барлық кезеңін қамтиды.

– Біз Көлік министрлігінің тапсырмасы бойынша жергілікті жолдардың сапасын арттыру аясында тексеру жүргізіп жатырмыз. Елдегі барлық 415 зауыт нарыққа шықпас бұрын тексеріледі. Егер сәйкессіздік анықталған жағдайда тапсырыс берушіге теріс қорытынды жібереміз. Бір сөзбен айтқанда, өнімнің елімізде қабылданған стандарттарға сәй-

кессіздігі қорытындыда расталады, – деді «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Инженерлік-техникалық бөлімінің бастығы Өтеген Қанатбаев.

Көлік министрлігінің талабына қарай, әрбір зауытты тексеру шеңберінде мамандар өнімнің белгіленген стандарттарға сәйкестігін бағалап, битумның, инертті материалдардың сапасы мен технологиялық үдерістердің сақталуын бақылайды. Зертханада материалдың талапқа сай екеніне көз жеткізу үшін қоспа үлгілері мұқият талданады.

Бұл сынды тексеру тек нормативті сақтауға ғана емес, ең бастысы жол қозғалысына қатысушының қауіпсіздігіне бағытталған маңызды жұмыс. Өйткені асфальттың сапасы жолды пайдаланудың мерзімі мен автокөлік жүргізушінің қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Сондықтан



бақылау тек өндірісті ғана емес, сонымен қатар компонентті сақтау мен тасымалдауды да қамтиды. Бұл қолданылатын өнімнің тұрақтылығы мен жоғары өнімділігін қамтамасыз етуге, жолдағы сапаны жүйелі бақылау мен жыл сайынғы ықтимал ауытқуды уақытылы анықтауға, оны тез жоюға мүмкіндік береді.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК өз жұмысын жалғастырып, бақылаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету арқылы заманауи, қауіпсіз жол инфрақұрылымын дамытуды үлкен

ның уақыты, күні мен орны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялауға құқылы.

7. «Алтын-Ай 1» ЖШС (БСН 231140018719) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданад: Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, 19-үй, н.п. 9.

12. «ПРИМА АГРОСОЮЗ» ЖШС-і (БСН 190340000443) «Planto» ЖШС (БСН 230240015428) өзіне қосу жолымен қайта ұйымдастырылып жатқанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Самар тас жолы, 17-ғимарат, пошта индексі 070000.

13. «Planto» ЖШС-і (БСН 230240015428) «ПРИМА АГРОСОЮЗ» ЖШС-нің (БСН 190340000443) құрамына қосылу арқылы қайта құрылатынын мәлімдейді. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ШҚО, Өскемен қаласы, Самар тас жолы, 17-ғимарат, пошта индексі 070000.

15. «ДЭН» Бірлескен кәсіпорын» ЖШС (БСН 930440000334) өзінің жарғылық капиталы 23 502 793,85 (жиырма үш миллион бес жүз екі мың жеті жүз тоқсан үш теңге сексен бес тиын) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 86-ғимарат, 4-қабат.

## МҰРАГЕРЛІК

3. 2025 жылдың 6 қаңтарында Жумабайқызы Зираның қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211 кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

4. 10.04.2025 жылы Иманбаев Марат Ильсовичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлеріне нотариус А.С.Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.

5. 14.10.2022 жылы Атамбаев Рахман Егембердиевичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлеріне нотариус А.С.Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.

8. 2009 жылдың 4 наурызында қайтыс болған Қожатаев Әбдіразақтың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

Соған орай өңірлердегі асфальт-бетон зауыттарына да сұраныс арта түсті.

«Өкініштісі, зауыт саны көп болғанымен, бірнешеуінің техника технологиясы тозғандықтан, қазіргі талаптарға сай өнім бере алмайды. Десек те басым көпшілігі сағатына 100 тоннадан бастап, 380 тоннаға дейін асфальт-бетон шығарады. Зауыттағы асфальт-бетон жасаушы қондырғылар Германия, Италия, Украинадан әкелінгенімен, отандық стандартқа сай технологиямен өнім жасайды», – деді Ө.Қанатбаев.

Былтыр Астанадағы жол құрылысына 100 млрд теңге бөлінген. Бұл – өте ауқымды қаржы. Оның бір бөлігі зауыт қондырғыларын жаңартуға жұмсалған. Сапа орталығының мамандары дайын асфальтты тексеру барысында оның құрамына қандай материалдар мен қоспалар қолданылатынын сұрадық. Айдос Төлеутаевтың айтуынша, бұл асфальт-бетон «ШМА-20» полимерлі маркасымен шығарылады. Оның құрамында түрлі көлемдегі қиыршық тас, минералды ұнтақ және полимер қосымшалары бар. «Өнім алдымен зертхана сынағынан өтіп, сапасы талапқа сай болса, өндірістік іске қосылады. Зауытта осындай өнімнің 8 түрі шығарылады. Тапсырысқа қарай кез келгенін тез арада жасап бере аламыз», – деді зауыт басшысы.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

## Баспасөз – 2025

# Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

9. 2025 жылдың 4 қаңтарында қайтыс болған Спанов Құдайбергеннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

11. 22.06.2023 жылы Раймбеков Мейрамбек Байузаковичтың қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус А.С.Жанакүлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

## ПАЙЫМ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі жаңалықтың бірі – соттың процестік мәжбүрлеу шараларын процеске қатысушыларға қолдануға болды. Бұрын сот тек ауызша ескертумен шектелсе, енді әкімшілік сотқа процестік міндеттемені бұзған немесе орындамаған тұлғаларға қатаң шара қолдану құқығы берілді.

## МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ҢЫҚПАЛЫ ЖОҒАРЫ



Вадим НИКИФОРОВ,  
Қостанай облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының судьясы

Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі кодекстің 18-бөлімінде реттелген. Ондай шараларға ескерту, сот залынан шығару және ақшалай өндіріп алу кіреді. Бұл шаралар процесті тиімді және уақытылы өткізуге, әкімшілік істерді қарау тәртібін сақтауға, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты нығайтуға бағытталған. Әдетте, ескерту және сот залынан шығару сот тәртібін бұзған процестік қатысушыларға қолданылады. Ақшалай өндіріп алу туралы шешімді сот тиісті ұйғарым арқылы шығарады. Бұл ұйғарым орындалғаннан кейін ғана шағымдануға жатады. Өндіріп алу сомасы ұйғарым тапсырылған күннен бастап бес күн ішінде төленуі тиіс. Ұйғарымға түпкілікті дайын болған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жеке шағым беруге болады.

Өндіріп алу мөлшері бұзушылықтың сипатына қарай 10-нан 100 АЕК-ке дейін белгіленеді. Мысалы, дәлелдемелерді ұсыну мерзімін бұзу, сот тапсырмаларын уақытылы орындамау және әкімшілік істі

ұзақ қарауға әкеп соғатын әрекеттер жасағаны үшін сот айыпты тұлғаның әрбір әрекетіне 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуы мүмкін.

Сотқа келмеу, талап қоюға жауап бермеу, судья талабына бағынбаған жағдайда, сондай-ақ төрағалық етушіге құрметсіздік танытатын өзге де әрекеттер жасалса, сот 20 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Мемлекеттік органның әрекетіне шағымданғанда заңдылықты дәлелдеу жүктемесі толықтай органның өзіне жүктеледі. Сондықтан, мемлекеттік орган қызметкерлерінің талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілік артады. Осылайша, процестік міндеттеме орындалмаған жағдайда, сот мемлекеттік орган қызметкерлеріне ақшалай өндіріп алуды қолдана алады. Сондай-ақ, сот шешімін орындамау, тараптар келіскен процестік әрекеттерден бас тарту, медиация немесе өзге де дауды шешудің келіссөз тәртібін сақтамау да бұзушылық болып табылады. Осындай фактілер анықталған жағдайда, сот жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде мәжбүрлеу шарасын қолдана алады. Сот актілерін орындамау, соттың заңды талаптарын елемегендерге өндіріп алу мөлшері 10 АЕК-ке ұлғайтылуы мүмкін.

Ақшалай өндіріп алу республикалық бюджет кірісіне түседі. Айыппұл салынған тұлғаға екі айға дейін бөліп төлеу немесе кейінге қалдыру мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар, айыппұл салынған тұлға сотқа айыппұлдан толық немесе ішінара босату туралы өтініш беруге құқылы.

2024 жылдың 12 айында Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьялары процестік қатысушыларға қатысты жалпы сомасы 2 030 500 теңгеге 22 өндіріп алу ұйғарымын шығарды. 2025 жылдың басынан бері жалпы сомасы 157 280 теңгеге 2 ұйғарым шығарылды.

## КӨЗҚАРАС

## КӘСІБИ МЕРЕКЕ – СОТҚА ДЕГЕН ҚОҒАМ ҚҰРМЕТІНІҢ БЕЛГІСІ

Судья болу, сот саласында қызмет ету оңай емес. Адам тағдырына таразы болатын әділдік алаңында тек білімі жоғары, кісілік келбеті биік, парасаты-пайымы терең, асқан шыдамды адамдардың еңбек ететіні белгілі. Мемлекет атынан төрелік ететін судьяларды халық әділдіктің жаршысы, тура төреліктің кепілі деп бағалайды.

Қарапайым азаматтар сот жұмысын тек судьялар еңбегімен байланыстырып жатады. Сот процесінің көзге көріне бермейтін қыруар ұйымдастырушылық жұмысынан жұртшылық бейхабар. Шындығында, әрбір процестің уақытында басталып, қатысушылардың дер кезінде келуі, сот отырысында қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етіліп, құжаттардың дұрыс рәсімделуі сот қызметкерлерінің жанкешті еңбегінің жемісі.

Кәсіби мереке сот жүйесінің билік тармақтарының бірі ретіндегі мәртебесін арттырады. Бұл күн судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсібі мен қиын жұмысына, біздің ұлы билерімізден бастау алатын қазақ дала құқығының тарихы мен бай дәстүріне құрмет болып табылады. Үкіметтің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысына сай «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні» болып бекітілгені әріптестер үшін үлкен мерей.

Жаңа мерекені енгізу судьяларға, сот қызметкерлеріне Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты, жеке тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін алғыс айту, еңбегін

бағалау мақсатын көздейді.

Кәсіби мереке белгіленгенге дейін судьялар мен сот қызметкерлері 30 тамыз Конституция күнін мерекелеп келді. Ал Қазақстанның мерекелік күнтізбесінде судьялар мен сот қызметкерлеріне арнап кәсіби мерекенің бекітілуін сот саласы қуанышпен қабылдады. Мұндай дата отандық сотты дамытуда өлшеусіз үлес қосқан ардагер судьялардың, тәжірибесі мол сот қызметкерлерінің еңбегін бағалауға, қызметін дәріптеудің тамаша мүмкіндігі болды. Сонымен қатар, бұл күн сот саласын ілгерілетуде көштің басында жүрген судьялар мен сот қызметкерлерінің белсенділігін үлгі етуге де жол ашты. Мереке сот жұмысындағы ізденістерді таразылап, жетістіктер мен кемшіліктерді саралауға жағдай туғызғанын атап өту маңызды.

Міне, үш жылдан бері еліміздің судьялары мен сот қызметкерлері кәсіби мерекесін жаңаша форматта ұйымдастыруда. Осы мереке қарсаңында судьялар мен сот қызметкерлері өзінің алғашқы тәлімгерлерінің, жол көрсеткен білікті ұстаздарының ақыл-кеңесіне, тәлім-тәрбиесіне алғысын айтып, жүрекжарды лебізін жеткізуі әдемі дәстүрге айналды. Ардагерлер үшін шәкірттерінен осындай жақсы сөз, жылы лебіз есту үлкен мақтаныш екені рас. Кәсіби мерекенің арқасында аға буын мен бүгінгі буынның арасын жалғайтын осындай жақсы істердің қалыптасқаны керемет үрдіс.

**Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі**

## САРАП

## ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ ДАУ АЙТУШЫЛАР КӨП

Әкімшілік әділет институты қоғамға керек екенін, азаматтардың игілігіне қызмет ететінін толық дәлелдеді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылданып, мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуымен жария-құқыққа қатысты мәселелер заңды шешімін тапты. Жаңа институт мемлекеттік органдар жұмысын жандандыруға айтарлықтай ықпалын тигізді.

Әкімшілік әділеттің маңызын, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығын, жаңашылдықтарын жан-жақты түсіндірудің арқасында азаматтар жария-құқықтық дауларда өз құқығы мен мүддесін қорғаудың тетіктерін үйренді. Соның арқасында әкімшілік соттарға жүгінетін азаматтардың саны жыл өткен сайын көбеюде. Статистикаға сүйенсек, әкімшілік даулардың әрбір екіншісінде мемлекеттік органдар ұтылған. Әсіресе азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекеті мен әрекетсіздігіне жиі шағымданады. Оған қатысты қаралған істердің басым бөлігі қанағаттандырылып, сот орындаушылар әрекетінің заңсыз деп танылуы да бұл құрылымның жұмысын жандандыруды қажет етеді.

Өкініштісі, өзінің бір қателігінен сабақ алмай, екінші рет даудың себепкері болып жатқан жеке сот орындаушылар да бар. Соттың талабын орындамайтын, сұрау салуына немкетті қарайтын жеке сот орындаушыларға мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу да қолданылып келеді. Бірақ, осындай пәрменді шаралардың өзі жеке сот орындаушылардың жауаптылығын көтеріп, азаматтар арыз-шағымын төмендетуге дәрменсіз болып отыр.

Жеке сот орындаушыларға қатысты шағымның көптігіне дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің қарастырылмауы да түрткі болуда. Егер жеке сот орындаушылар палатасы азаматтармен сындарлы байланыс орнатып, жеке сот орындаушылардың әрекетіне қатысты түскен істерді өзара сараптап, мәселені оңтайлы шешкен жағдайда мұндай даулар сотқа аз түсетін еді. Сондай-ақ,

әр аймақтағы жеке сот орындаушылар палатасының филиалдары да осы бағыттағы жұмыстарын тиімді үйлестіргені жөн. Басшылық азаматтар арасында сауалнама жүргізіп, жеке сот орындаушылар тарапынан кеткен кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оны жою бойынша пәрменді шаралар қабылдағанда әкімшілік соттардағы

...жеке сот орындаушылар палатасы азаматтармен сындарлы байланыс орнатып, жеке сот орындаушылардың әрекетіне қатысты түскен істерді өзара сараптап, мәселені оңтайлы шешкен жағдайда мұндай даулар сотқа аз түсетін еді. Сондай-ақ, әр аймақтағы жеке сот орындаушылар палатасының филиалдары да осы бағыттағы жұмыстарын тиімді үйлестіргені жөн.

жеке сот орындаушыларға қатысты даулар да төмендері сөзсіз.

Әкімшілік соттарға деген азаматтар сенімінің жоғарылығы да жеке сот орындаушыларға қатысты істердің артуына ықпал етуде. Себебі жария-құқықтық даулардың қалай шешілетініне көзі жеткен азаматтардың бірден сотқа жүгінуі белең алған.

Өз қызметіне немқұрайлы қарайтын, заңнаманы дұрыс қолданбайтын жеке сот орындаушылар да даулардың көбеюіне себеп. Саналы түрде заң бұзушылықтарға жол берген мамандардың қаулыны борышкерге уақытылы жолдамауы, берешек мөлшерін дұрыс анықтамауы да сотқа арыздануға түрткі болып жатады. Сондай-ақ өз өкілеттігін асыра пайдаланып, мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануда заңды белден басатын жеке сот орындаушылар да баршылық. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыла-

рының мәртебесі туралы» заңның 3-бабында заңдылық, атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу мен мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудың, уақытылы және айқын болу принциптері айқындалған. Жеке сот орындаушылар бұл талапты ескере бермейді. Осы ретте жеке сот орындаушылар сот актісін орындауды ғана емес, борышкердің жұмысқа тұруын, екі қолға бір күрек таба алмай жүргендері болса жұмыс табуына, қарызынан ертерек құтылуына көмектесуі керек. Өкінішке қарай, азаматтарға қолдау көрсетіп, қарызын қайтаруына кеңес берудің орнына, кейбір сот орындаушылар заңның бұзылуына жағдай туғызып жүр.

Сондай-ақ алимент бойынша қарызды анықтау және сот орындаушының қызмет ақысын белгілеу қаулыларына қатысты даулар да азаймай келеді. Жоғарыдағы

мысалдар жеке сот орындаушылар қызметіне қатысты кемшілікті қоғам болып бірігіп шешудің маңызы екенін дәлелдейді. Осы мақсатта сот тарапынан да аз жұмыс жасалып жатқан жоқ. «Илегеніміз бір терінің пұшпағы» болғандықтан, әкімшілік сот судьялары жеке сот орындаушылар палатасымен ортақ мәселелерді бірігіп шешуге талаптануда. Осы ретте палатаға әрекетіне қатысты дау туындаған жеке сот орындаушылар жұмысын қадағалап, сондай-ақ азаматтар шағымына мониторинг жасау, кемшіліктерді шешу бойынша нақты жұмыстар жүргізу ұсынылуда. Мұндай жұмыстар жеке сот орындаушылар қызметін бірізге түсіріп, азаматтардың арыз-шағымын азайтуға ықпалын тигізеді.

**С.КУСЕМБАЕВА,**  
**Түркістан облысы**  
**мамандандырылған**  
**ауданаралық**  
**әкімшілік сотының судьясы**

## ТӘЖІРИБЕ

## ШЕТЕЛДІК ТАҒЫЛЫМДАМА ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙДЫ



Анкара Хажы Байрам Вели университеті 2018 жылы Гази университетінен бөлініп шығып, жеке жоғары оқу орны ретінде құрылған. Қазіргі уақытта аталған университет Түркиядағы әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы кадрлар даярлауда жетекші орынды иеленеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінің докторанттары – Бауыржан Әліқожа, Назкен Жансерікова және Алмабек Ибрайымов осы университетте ғылыми тағылымдамадан өтуде.

Тағылымдама барысында Коммуникация факультетінің «Радио, телевизия және кино» кафедрасында ғылыми жұмыстар жүргізді. Докторанттардың шетелдік ғылыми жетекшілері – профессор Мехмет Топлу және профессор Закир Авшар болды.

Тағылымдама аясында тыңдаушылар теориялық және қолданбалы медиазерттеулер бағытында бірқатар оқу семинарына қатысты.

Докторанттар университеттің оқу ғимараттарымен, зертханаларымен, кітапхана қорымен және

медиаөндіріс алаңдарымен танысты. Атап айтқанда, профессор Мехмет Топлу кафедра студенттерінің медиаөнімдері мен ғылыми жобаларын таныстырды. Сонымен қатар, тағылымдама кезінде докторант Назкен Жансерікова өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, тек қазақ тілінде хабар тарататын «Shalqar» радиосындағы жұмыс практикасы негізінде тікелей эфир мен таппа хабарлардың айырмашылығы, мәтін дайындаудың ерекшеліктері туралы ақпарат берді. Бұл кездесу халықаралық ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастықтың бір үлгісі ретінде бағаланды.

Докторанттар тағылымдама барысында алған білім, тәжірибе және кәсіби байланыстардың ғылыми-зерттеу жұмыстары сапасын арттыруға елеулі үлес қосатынына сенім білдіреді. Осы мүмкіндікті ұсынған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығына, Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайұлына, білікті ұстаздар Кәкен Камзин мен Аязби Бейсенқұловқа докторанттар алғысы шексіз.

**Назкен ЖАНСЕРІКОВА,**  
**әл-Фараби атындағы**  
**ҚазҰУ-дың Журналистика**  
**факультеті «Медиа және**  
**коммуникациялар»**  
**мамандығының**  
**1 курс докторанты**

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**  
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы  
8775733565  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек  
Рахманов  
8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zankreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6299 дана**  
**Апталық таралым 12 598 дана**

Тапсырыс №78 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

### Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31